Келісемін:
директордың ДОГЖО
орынбасары
_____Л.С.Исабаева
«27» тамыз 2026 ж

Бекітемін
Мектеп директоры _____Ы.А.Жаутиков
«27» тамыз 2026 ж

«ZIYATKER TURAN» ЖШС мектебі
Жеке қауіпсіздік пәнінің мұғалімі Катбаева Сандуғаш
Кеңесбекқызының күнтізбелік – тақырыптық жоспары
2026 – 2027 оқу жылы

Түсінік хат

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
73-3-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныптарына арналған «Жеке қауіпсіздік» курсының үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5–8-сыныптарына арналған «Жеке қауіпсіздік» курсының үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 29 қаңтардағы №56 қаулысымен бекітілген 2026–2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес әзірленді.

2. «Жеке қауіпсіздік» курсы практикалық бағытқа ие және білім алушылардың қауіпсіз әрі жауапты мінез-құлық дағдыларын, өз эмоцияларын реттеу, қауіп-қатерлерді тану және бағалау, жеке шекараларын қорғау, әлеуметтік және цифрлық ортада қауіпсіз қарым-қатынас жасау, қауіпсіз шешімдер қабылдау, қажет болған жағдайда уақытылы көмекке жүгіну дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

3. Курстың мазмұны балалардың құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарына сәйкес айқындалады және білім беру, тұрмыстық, қоғамдық, цифрлық, әлеуметтік ортада, сондай-ақ төтенше жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталады.

4. Курсты іске асыру барысында 5–8-сынып білім алушыларының жас және психологиялық ерекшеліктері ескеріледі. Мазмұн біртіндеп күрделендіру қағидаты негізінде құрылады: 5-сыныпта білім алушылар айқын қауіп-қатерлерді танып, қауіпсіз мінез-құлықтың негізгі ережелерін меңгереді; 6-сыныпта күнделікті өмірде және әлеуметтік жағдайларда қауіпсіздік ережелерін қолданады; 7-сыныпта психологиялық қысымды, айла-шарғыларды (манипуляцияларды), цифрлық және мінез-құлықтық қауіп-қатерлерді талдап, қауіпсіз қарым-қатынас стратегияларын таңдайды; 8-сыныпта қауіп-қатерлерді өз бетінше бағалап, дәйекті шешім қабылдайды. Қиын жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық ережелерін қолданады. Курсты ұйымдастыру білім беру ұйымының түрін, білім беру ортасын, сынып құрамын, білім алушылардың жеке және ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

5. Курстың мақсаты: білім алушылардың қауіпсіз және жауапты мінез-құлық дағдыларын, қауіп-қатерлерді танып, бағалау, шешім қабылдау, жеке шекараларын қорғау және әртүрлі жағдайларда уақытылы көмекке жүгіну дағдыларын қалыптастыру.

6. Курстың міндеттері:

1) қауіпсіз мінез-құлықтың психологиялық негізі ретінде эмоцияны түсіну және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту;

2) қауіпті жағдайларды танып-білу, қауіп-қатерлерді және олардың салдарын бағалау қабілетін қалыптастыру;

3) қауіпсіз мінез-құлық тәсілдерін таңдау және алгоритмдерді қолдану дағдыларын дамыту;

4) қауіпсіз қарым-қатынас жасау, жеке шекараларды қорғау, келіспеушіліктерді ушықтырмай шешу және психологиялық қысымға қарсы тұру дағдыларын қалыптастыру;

5) цифрлық ортадағы қауіпсіз мінез-құлық дағдылары, оның ішінде дербес деректерді қорғау, цифрлық қауіптерді, жасырын (манипуляциялар) және алаяқтық әрекеттерді танып-білу дағдыларын қалыптастыру.

6) қауіпті және тәуелді мінез-құлыққа, құқық бұзушылықтарға қауіпсіздігіңе қатер төндіретін өзге де әрекеттерге қарсы тұруға дайындығын қалыптастыру;

7) тұрмыстық, қоғамдық, төтенше және табиғи жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту;

8) уақтылы көмекке жүгіну және қолжетімді қолдау ресурстарын пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

7. Оқу пәнінің мазмұны «Адал азамат» құндылықтарын («Тәуелсіздік және отаншылдық», «бірлік және ынтымақ», «әділдік және жауапкершілік», «Заң мен Тәртіп», «еңбекқорлық және кәсіби біліктілік», «жасампаздық және жаңашылдық») қалыптастыруға және мемлекеттік Егемендік пен Тәуелсіздікті қамтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, жалпыұлттық бірлікті нығайту, қоғамдық диалогты дамыту, еңбексүйгіштік пен прогреске ұмтылуды дәріптеу, білім мен ғылымды дамыту, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, тарихи-мәдени мұраны сақтау және ұлттық мәдениетті қолдау қағидаттарын іске асыруға бағытталған.

2-тарау. Курс мазмұнының құрылымы

1-параграф. Курс мазмұны

7. «Жеке қауіпсіздік» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

8-сыныпта – аптасына 0,25 сағат, оқу жылында 8 сағат.

9-сыныптағы «Жеке қауіпсіздік» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 0,5 сағатты, оқу жылында 17 сағатты құрайды.

10-сыныпта – аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;

11-сыныпта – аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат.

8. Курс мазмұны 5–8-сыныптар аралығында оқу материалының бірізділігі мен сабақтастығын сақтай отырып, сынып деңгейіне қарай біртіндеп күрделенуін қамтамасыз ететін бөлімдер бойынша құрылымдалған.

Бөлім	Мазмұны
1-бөлім. Психологиялық тұрақтылық және өзін-өзі реттеу	Эмоционалдық саналылықты, өзін-өзі реттеу дағдыларын және қауіпсіз мінез-құлықты таңдауда өзінің эмоционалдық жағдайын ескеру қабілетін дамыту. Күйзеліс пен эмоционалдық шиеленіс жағдайларында өзін қолдау және эмоционалдық тепе-теңдікті қалпына келтіру тәсілдерін меңгеру.
2-бөлім. Қауіпсіз әлеуметтік және цифрлық қарым-қатынас	Қауіпсіз қарым-қатынас жасау, жеке шекараларды қорғау, теріс ықпалға, буллингке, зорлық-зомбылыққа, психологиялық қысым мен манипуляцияларға қарсы тұру дағдыларын қалыптастыру. Цифрлық қауіпсіздік, дербес деректерді қорғау және интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық ережелерін меңгеру.
3-бөлім. Қолданбалы қауіпсіздік және қауіпсіз шешімдер қабылдау	Тұрмыстық, қоғамдық, төтенше және табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді танып-білу және бағалау; зиянды әдеттерге, ойын және цифрлық тәуелділікке, сондай-ақ құқық бұзушылықтарға тартылудың алдын алу; қауіпсіз әрекет ету алгоритмдерін таңдау және қолдану, сондай-ақ уақытылы көмекке жүгіну дағдыларын қалыптастыру.

Курс өмір мен денсаулықты сақтау, жеке қауіпсіздік, психологиялық саулық, адамның құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарау, өзара көмек көрсету, қауіпсіз қарым-қатынас жасау және қажет болған жағдайда дер кезінде көмекке жүгіну құндылықтарына негізделеді.

Курстың пәнаралық байланысы «Информатика», «Құқық негіздері», «Биология» және «Жаратылыстану» оқу пәндері арқылы жүзеге асырылады: «Информатика» пәнінде цифрлық қауіпсіздік пен дербес деректерді қорғау; «Құқық негіздері» пәнінде құқықтар мен жауапкершілік, заңға сай әрекет ету; «Биология» пәнінде күйзеліс пен зиянды әдеттердің денсаулыққа әсері; «Жаратылыстану» пәнінде табиғи ортада және төтенше жағдайларда қауіпсіз әрекет ету мәселелері қамтылады.

2-параграф. Ұзақмерзімді жоспар

9. Ұзақмерзімді жоспар курс мазмұнын оқу тоқсандары бойынша бөлуді айқындайды және әрбір оқу сағатына арналған тақырыптардың атауын, сағат санын және оқу мақсаттарын қамтиды.

10. Педагог-психолог білім алушылардың жас және жеке психологиялық ерекшеліктерін, ерекше білім беру қажеттіліктерін, сондай-ақ білім беру ұйымының түрі мен сыныптың ерекшелігін ескере отырып, нақты әдістемелік тәсілдерді, сабақты ұйымдастыру формалары мен практикалық тапсырмаларды таңдауға құқылы. Бұл ретте Бағдарламада белгіленген тақырыптар, оқу мақсаттары, курстың негізгі мазмұны мен оқу жүктемесінің көлемі өзгертілмейді.

8-сынып

№	Тақырыптың атауы	Оқыту мақсаты	**Уақыты**	**Ескерту**
I тоқсан				
1	Қауіп-қатерді бағалау және мінез-құлықты жауапкершілікпен таңдау	– мінез-құлық тәсілін таңдау кезінде қауіп-қатерді бағалау;	01.09.2026 07.09.2026 08.09.2026 09.09.2026 14.09.2026 15.09.2026 21.09.2026 22.09.2026 23.09.2026 28.09.2026 29.09.2026	
2	Тұлғааралық келіспеушіліктерді жанжалсыз түрде шешу	– қақтығыстың шиеленісуіне жол бермейтін келіспеушіліктерді шешу тәсілін таңдау;	05.10.2026 06.10.2026 07.10.2026 12.10.2026 13.10.2026 19.10.2026	

			20.10.2026 21.10.2026	
		II тоқсан		
3	Жеке шекаралар, қауіпсіздік және зорлық-зомбылықтың алдын алу	– қауіп төндіретін ықпал жағдайында жеке шекараларды қорғаудың қауіпсіз тәсілдерін қолдану;	02.11.2026 03.11.2026 09.11.2026 10.11.2026 11.11.2026 16.11.2026 17.11.2026 23.11.2026 24.11.2026 25.11.2026 30.11.2026	
4	Цифрлық қауіптер, алаяқтық және желідегі қауіпсіз мінез-құлық	– цифрлық қауіп немесе алаяқтық анықталған жағдайда қауіпсіз әрекет ету тәсілін таңдау;	01.12.2026 07.12.2026 08.12.2026 09.12.2026 14.12.2026 15.12.2026 21.12.2026 22.12.2026 23.12.2026	
		III тоқсан		
5	Ойын және цифрлық тәуелділік: қауіп-қатерлерді танып-білу	– ойынға немесе цифрлық тәуелді мінез-құлыққа тартылу қауіптерін бағалау;		

6	Құқықтық қауіпсіздік және құқық бұзушылықтардың алдын алу	– қауіпті жағдайда заңға сәйкес әрі қауіпсіз мінез-құлық тәсілін негіздеу;		
IV тоқсан				
7	Төтенше және табиғи жағдайлардағы қауіпсіз мінез-құлық	– қауіптің сипатын ескере отырып, қауіпсіз әрекет ету алгоритмін таңдау;		
8	Күрделі өмірлік жағдайдағы қауіпсіз стратегиялар	– қауіп-қатер мен қолжетімді қолдау мүмкіндіктерін ескере отырып, қауіпсіз мінез-құлық стратегиясын таңдау.		

9-сынып

№	**Тақырыптың атауы**	**Оқыту мақсаты**	**Уақыты**	**Ескерту**
I тоқсан				
1	Эмоциялық күйлер және олардың мінез-құлыққа әсері	– эмоциялық күйдің мінез-құлыққа және қабылданатын шешімдерге әсерін талдау;	01.09.2026 03.09.2026 04.09.2026 10.09.2026 11.09.2026 15.09.2026 17.09.2026 18.09.2026 24.09.2026 25.09.2026 28.09.2026	
2	Эмоциялық саналылық және өзін-өзі реттеу	– өзінің эмоционалдық жағдайын талдау негізінде өз эмоцияларын реттеу тәсілдерін қолдану;	01.10.2026 02.10.2026 08.10.2026 09.10.2026	

			13.10.2026 15.10.2026 16.10.2026 22.10.2026 23.10.2026	
3	Тұлғалық ресурстар және өзін-өзі дамыту бағыттары	– өзінің күшті жақтарын талдау және тұлғалық даму бағыттарын анықтау;	03.11.2026 05.11.2026 06.11.2026 12.11.2026 13.11.2026 17.11.2026 19.11.2026 20.11.2026 26.11.2026 27.11.2026	
4	Өзін қабылдау және өзіне конструктивті көзқарас	– өз қателері мен қиындықтарын дұрыс қабылдап, оларды еңсерудің тиімді жолдарын қолдану;	01.12.2026 03.12.2026 04.12.2026 10.12.2026 11.12.2026 15.12.2026 17.12.2026 18.12.2026 24.12.2026 25.12.2026	
II тоқсан				

5	Кибербуллинг және цифрлық айла-шарғы (манипуляциялар): қауіптерді тану және қорғану тәсілдері	– қауіпсіз әрекеттерді таңдау үшін цифрлық манипуляциялар мен кибербуллинг қауіптерін бағалау;		
6	Әлеуметтік және цифрлық ортадағы психологиялық қауіпсіздік	– әлеуметтік және цифрлық қарым-қатынас жағдайларын психологиялық қауіпсіздік тұрғысынан талдау;		
7	Қауіпсіз мінез-құлық стратегиялары және қолдау іздеу	– қолдауға уақытылы жүгіну үшін әлеуметтік қарым-қатынас жағдайларын бағалау;		
8	Сенімді және жауапты мінез-құлық	– мінез-құлықтың әртүрлі үлгілерін (енжар, агрессивті, сенімді) қолданудың салдарын бағалау;		
III тоқсан				
9	Қиын жағдайларда тұлғалық және әлеуметтік ресурстарды пайдалану	– қиын жағдайларда тұлғалық және әлеуметтік ресурстарды пайдалану мүмкіндіктерін анықтау;		
10	Әртүрлі өмірлік жағдайлардағы сенімді мінез-құлық стратегиялары	– нақты жағдайдың ерекшеліктерін ескере отырып, сенімді мінез-құлық тәсілдерін қолдану;		
11	Жеке шекаралар және оларды әртүрлі жағдайларда қорғау тәсілдері	– жағдайды және ықтимал салдарды ескере отырып, жеке шекараны қорғаудың қауіпсіз тәсілін таңдау;		

12	Қоғамдық орындар мен көліктегі төтенше, криминогендік және экстремалды жағдайлардағы қауіпсіз мінез-құлық	– қауіпті жағдайдың сипатын ескере отырып, қауіпсіз әрекет ету алгоритмін таңдау;		
13	Стресстік жағдайлардағы эмоционалдық тұрақтылық және өзін-өзі реттеу	– стресстік жағдайларда эмоционалдық тұрақтылық пен психологиялық әл-ауқатты сақтау үшін өзін-өзі реттеу тәсілдерінің тиімділігін бағалау;		
IV тоқсан				
14	Құқықтық қауіпсіздік: кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық үшін жауапкершілігі және жеке құқықтарын қорғау	– кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі мен жеке құқықтарын қорғау тәсілдерін ескере отырып, құқыққа сай әрекет ету тәсілін негіздеу;		
15	Қиын өмірлік жағдайларды және оларды жеңу тәсілдерін талдау	– тәуекелдерді, ресурстарды және әрекет ету нұсқаларын анықтай отырып, қиын өмірлік жағдайды талдау;		
16	Қиындықтарды жеңу стратегияларының тиімділігін бағалау	– қиындықтарды жеңудің әртүрлі стратегияларын салыстыру және олардың қысқа және ұзақмерзімді салдарын бағалау;		
17	Қиын өмірлік жағдайлардағы мінез-құлық	– тәуекелдер мен қолжетімді ресурстарды бағалауды ескере отырып, қауіпсіз мінез-құлық стратегиясын таңдауды негіздеу.		

	стратегияларын таңдау			

10-сынып

№	Тақырыптар	Оқу мақсаты	Уақыты	Ескерту
		I тоқсан		
1	Психологиялық тұрақтылық, эмоционалдық жағдай және тұлғалық ресурстар	– эмоционалдық жағдай мен тұлғалық ресурстардың психологиялық тұрақтылыққа әсерін талдау;	02.09.2026 03.09.2026 08.09.2026 09.09.2026 16.09.2026 17.09.2026 22.09.2026 23.09.2026 30.09.2026	
2	Күнделікті өмірдегі эмоциялар және өзін-өзі реттеу	– күнделікті жағдаяттарда эмоционалдық өзін-өзі реттеу тәсілдерін қолдану;	01.10.2026 06.10.2026 07.10.2026 14.10.2026 15.10.2026 20.10.2026 21.10.2026	
3	Қаржылық қауіпсіздік және цифрлық гигиена: ғаламтор-алаяқтықты, дропперлікті және	– қауіпсіз мінез-құлық тәсілін таңдау үшін ғаламтор-алаяқтықтың, дропперліктің және кредиттік тәуекелдердің белгілерін бағалау;	04.11.2026 05.11.2026 10.11.2026 11.11.2026 18.11.2026	

	кредиттік тәуекелдерді тану		19.11.2026 19.11.2026 24.11.2026 25.11.2026	
4	Эмоционалдық тепе-теңдікті қалпына келтіру тәсілдері	– жағдаятты ескере отырып, эмоционалдық тепе-теңдікті қалпына келтірудің дұрыс тәсілдерін қолдану;	02.12.2026 03.12.2026 08.12.2026 09.12.2026 17.12.2026 22.12.2026 23.12.2026	
II тоқсан				
5	Тұлғалық ресурстар және оларды қиын жағдайларда пайдалану жолдары	– қиын жағдаяттарды еңсеру үшін ішкі және сыртқы тұлғалық ресурстарды пайдалану;		
6	Күйзелістік жағдайлар және оларды еңсерудің стратегиялары	– күйзелістік жағдайдың ерекшеліктерін ескере отырып, оны еңсерудің стратегиясын таңдау;		
7	Деструктивті топтарға, секталарға және қылмыстық схемаларға тартылуға қарсы іс-қимыл	– деструктивті топтарға, секталарға және қылмыстық схемаларға тартылуға қарсы іс-қимылдың қауіпсіз тәсілін таңдау;		
8	Психологиялық қолдау ресурстары және көмекке жүгіну	– қиын жағдайларда психологиялық қолдауға жүгінудің қауіпсіз тәсілдерін таңдау;		
III тоқсан				

9	Тиімді тұлғааралық қарым-қатынастың негіздері	– әртүрлі жағдайларда тиімді қарым-қатынас жасау тәсілдерін қолдану;		
10	Коммуникативтік мінез-құлық және құрдастарымен қарым-қатынас	– құрдастарымен қарым-қатынас барысында өз мінез-құлқының ерекшеліктерін ескеру;		
11	Өз пікірін дәйекті жеткізу және мұқият тыңдау	– тұлғааралық қарым-қатынас барысында дәлелмен сөйлеу және мұқият тыңдау тәсілдерін қолдану;		
12	Қақтығысты жағдайларды ушықтырмай шешу тәсілдері	– тұлғааралық қақтығыстарды жанжалсыз шешудің стратегияларын қолдану;		
13	Өзінің және басқа адамдардың жеке шекараларын құрметтеу	– басқа адамдардың шекараларын құрметтей отырып, жеке шекараларды қорғаудың қауіпсіз тәсілдерін үйрену;		
14	Буллинг және психологиялық қысым кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық стратегиялары	– буллинг пен қысым көрсету қаупі туындаған жағдайда қауіпсіз мінез-құлық және көмекке жүгіну алгоритмдерін қолдану;		
	IV тоқсан			
15	Құндылықтар, өмірлік мақсаттар және жеке басымдықтар	– маңызды шешімдер қабылдау кезінде жеке құндылықтар, өмірлік мақсаттар мен басымдықтардың өзара байланысын талдау;		
16	Бастамашылдық, көшбасшылық қасиеттер және жауапты шешім қабылдау	– көшбасшылық бастама таныту кезінде қабылданатын шешімдердің салдарын бағалау;		
17	Кәсіби қызығушылықтар және білім алу мүмкіндіктері	– өз қызығушылықтары мен қабілеттерін одан әрі білім алу және кәсіби даму бағыттарымен сәйкестендіру.		

11 сынып


№	Тақырыптар	Оқу мақсаты	Уақыты	Ескерту
		I тоқсан		
1	Өмірлік өзгерістер жағдайындағы психологиялық тұрақтылық және бейімделу	– өмірлік өзгерістер жағдайындағы бейімделудің жеке ерекшеліктері мен ресурстарын талдау;	07.09.2026 10.09.2026 14.09.2026 21.09.2026 24.09.2026 28.09.2026	
2	Эмоционалдық шиеленісті басқару және психологиялық әл-ауқатты сақтау	– жоғары жүктеме жағдайында психологиялық әл-ауқатты сақтау үшін эмоционалдық өзін-өзі реттеу тәсілдерін қолдану;	05.10.2026 08.10.2026 12.10.2026 19.10.2026 22.10.2026	
3	Кәмелетке толған адамның құқықтық қауіпсіздігі: әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік негіздері	– кәмелетке толған адамның әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігін ескере отырып, құқыққа сай мінез-құлық тәсілін негіздеу;	02.11.2026 09.11.2026 12.11.2026 16.11.2026 23.11.2026 26.11.2026 30.11.2026	
4	Ересек өмірге қадам басу кезіндегі еңбек және азаматтық қауіпсіздік	– ересек өмірге қадам басу кезінде еңбек және азаматтық құқықтарды қорғаудың құқыққа сай тәсілдерін таңдау;	07.12.2026 10.12.2026 14.12.2026	

			21.12.2026 24.12.2026	
		II тоқсан		
5	Төтенше және дағдарыстық жағдайлардағы іс-қимыл алгоритмдері және құқықтарды қорғау	– төтенше және дағдарыстық жағдайларда қауіпсіз іс-қимыл жасау және құқықтарды қорғау алгоритмдерін қолдану;		
6	Күйзелістік жағдайларды еңсерудің психологиялық стратегиялары	– күйзеліс жағдайында психологиялық тұрғыдан әрекет етудің тиімді тәсілдерін анықтау;		
7	Оқу жүктемесі шамадан тыс көп кездегі эмоциялық шиеленісті еңсеру	– оқу және емтихан жүктемесі жағдайында эмоционалдық шиеленісті еңсеру стратегияларын қолдану;		
8	Өз бетімен өмір сүруге психологиялық дайындық	– дербес өмірдің жаңа жағдайларына көшу кезінде бейімделу ресурстарын пайдалану;		
		III тоқсан		
9	Күрделі әлеуметтік жағдайлардағы қарым-қатынас	– күрделі әлеуметтік жағдайларда тиімді қарым-қатынас тәсілдерін таңдау;		
10	Топтағы қарым-қатынас және рөлдерді бөлу	– топта әртүрлі әлеуметтік рөлдерді орындау кезінде жауапты қарым-қатынас тәсілдерін қолдану;		
11	Келіссөз жүргізу, өз пікірін дәлелдеу және өзара түсіністікке қол жеткізу	– қолайлы шешімдерге қол жеткізу үшін дәлелдеу және келіссөз жүргізу тәсілдерін қолдану;		

12	Қақтығысты шиеленістірмеу және қарым-қатынасты қалпына келтіру	– қақтығыстың өршуіне жол бермеу және қарым-қатынасты қалпына келтіру әдістерін қолдану;		
13	Буллинг пен психологиялық қысым жағдайларындағы қауіпсіз қарым-қатынас	– қауіпсіз әрекет ету тәсілін таңдау үшін манипуляция, жәбірлеу (буллинг) және зорлық-зомбылық қаупін анықтап, бағалай білу		
14	Күрделі жағдайлардағы қауіпсіз мінез-құлық және көмек сұрау жолдары	– дағдарыстық жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық және көмекке жүгіну алгоритмдерін қолдану;		
		IV тоқсан		
15	Саналы таңдау және тұлғалық дамудың келешегі	– жеке құндылықтар мен қабілеттерді одан әрі тұлғалық даму мүмкіндігімен сәйкестендіру;		
16	Көшбасшылық, дербестік және қабылдаған шешіміне жауаптылық	– дербес таңдау салдары үшін жеке және әлеуметтік жауапкершілікті бағалау;		
17	Болашақ мамандығын айқындау және жеке білім алу траекториясын қалыптастыру	– жеке ресурстарды ескере отырып, жеке білім беру және кәсіби бағытты негіздеу.		

3-параграф. Күтілетін нәтижелер

11. Курс соңында білім алушылар:
–жеке, әлеуметтік, цифрлық, тұрмыстық және қоғамдық ортада қауіпсіздікті сақтаудың негізгі ережелерін;
–қауіп төндіруі мүмкін жағдайлардың белгілерін және тәуекелге барудың ықтимал салдарын;
–қауіпсіз шешім қабылдауда өз эмоциясын басқара білудің маңызын;



–қауіпсіз қарым-қатынас жасау ережелерін, жеке шекараны сақтаудың және адамның қадір-қасиетін құрметтеудің маңызын;

–буллингтің, зорлық-зомбылықтың, психологиялық қысым мен айла-шарғының негізгі белгілерін;

–жеке мәліметтерді қорғау және цифрлық ортада қауіпсіз әрекет ету ережелерін;

–зиянды әдеттерге, ойын мен цифрлық тәуелділікке және заңға қайшы әрекеттерге тартылудың қауіп-қатерін;

–төтенше жағдайларда және табиғи ортада қауіпсіз әрекет ету ережелерін;

–көмек сұраудың қолжетімді жолдары мен қолдау көздерін біледі.

–қауіп төндіруі мүмкін жағдайларды анықтап, оның қаншалықты қауіпті екенін бағалауды;

–тәуекелді әрекеттің қандай салдарға әкелуі мүмкін екенін анықтауды;

–жағдайды және оның ықтимал салдарын ескере отырып, қауіпсіз әрекет ету жолын таңдауды;

–достары тарапынан болатын теріс ықпалды, психологиялық қысымды, айла-шарғыны, буллинг пен зорлық-зомбылықты ажыратуды;

–жеке шекараның бұзылғанын анықтауды;

–цифрлық ортадағы әрекеттер мен жеке мәліметтерді таратудан туындайтын қауіп-қатерді бағалауды;

–қауіпті әрекеттерге, тәуелділікке және заңға қайшы әрекеттерге тарту белгілерін анықтауды;

–төтенше және өзге де қауіпті жағдайларда қалай қауіпсіз әрекет ету керектігін таңдауды;

–қай кезде көмек сұрау қажет екенін анықтап, тиісті қолдау көзін таңдауды **меңгереді.**

–оқу, тұрмыстық, қоғамдық, цифрлық және табиғи ортада қауіпсіз әрі жауапты мінез-құлық үлгілерін;

–шиеленіс пен қауіп жағдайларында эмоционалдық өзін-өзі реттеу тәсілдерін;

–қарым-қатынас және өз ұстанымын қауіпсіз түрде білдіру тәсілдерін;

–жеке шекараларды қорғау және психологиялық қысым мен манипуляцияларға қарсы тұру тәсілдерін;

–буллингке, зорлық-зомбылыққа, цифрлық қауіптер мен алаяқтыққа қауіпсіз әрекет ету тәсілдерін;

–қауіп-қатерлерді бағалау және қауіпсіз мінез-құлық стратегиясын таңдау тәсілдерін;

–уақытылы көмекке жүгіну және қолжетімді қолдау ресурстарын пайдалану тәсілдерін қолданады.

4-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру және бағалау

12. Курс сабақтары оқу процесін ұйымдастырудың интерактивті және практикалық бағыттағы әдістер негізінде өткізіледі. Сабақ барысында рөлдік ойындар, пікірталастар, кейс-талдау, практикумдар, жағдаяттық модельдеу, топтық тапсырмалар және рефлексия қолданылады. Білім алушыларға қауіп-қатерді танып-білуге, жағдайды бағалауға, қауіпсіз әрекетті таңдауға және тиісті мінез-құлық алгоритмін қолдануға мүмкіндік беретін практикалық тапсырмаларға басымдық беріледі.

13. Курсты меңгеру нәтижелерін бағалау **баға қойылмай қалыптастырушы бағалау** арқылы жүзеге асырылады. Білім алушының практикалық жұмыстарға қатысуы, оқу және өмірлік жағдайларды талдау барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын қолдана білуі, қауіпсіз мінез-құлық тәсілін таңдауының дәйектілігі және тиісті дағдылардың қалыптасу динамикасы ескеріледі.

Күнтізбелік жоспардың үлгісі 2026 жылдың 27.08.26 өткен № 1 педагогикалық кеңес жиналысының шешімімен бекітілді